1. Индикатор туралы ақпарат	
Мақсаты	Тұрақты инфрақұрылым құру, ауқымды және орнықты индустриализация мен инновацияларға жәрдемдесу
Міндеті	Экономикалық дамуды және адамдардың әл-ауқатын қолдау мақсатында барлығына бірдей қымбат емес және тең құқылы қолжетімділікті қамтамасыз етуге айрықша назар аудара отырып, өңірлік және трансшекаралық инфрақұрылыммен бірге сапалы, сенімді, орнықты әрі берік инфрақұрылымды дамыту
Көрсеткіш	Көлік түрлері бойынша бөліністегі жолаушылар және жүк тасымалының көлемі
2. Ұйым туралы ақпарат	
Ұйым	Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы
3. Анықтамалар мен ұғымдар	
Анықтама	Көрсеткіш көліктің барлық түрлерімен тасымалданған жолаушылар мен тоннамен тасымалданатын жүктердің жалпы саны ретінде анықталады.
Негізгі түсініктер:	Тасымалданған жолаушылар – белгілі бір уақыт кезеңінде тасымалданған жолаушылар саны. Жолаушыларды тасымалдау статистикасының өлшем бірлігі жолаушы-жүруі болып саналады. Тасымалданған жүктер – көлікпен тасымалданған жүктердің саны тоннамен.
Негіздеу және түсіндіру	Экономикалық дамуға және адамдардың әл-ауқатын жақсартуға жәрдемдесу мақсатында барлығыныңосы инфрақұрылымға тең құқылы қолжетімділігіне назар аудара отырып, сапалы, сенімді, тұрақты өңірлік және халықаралық инфрақұрылымды әзірлеу. Халықаралық инфрақұрылымды дамыту мүше мемлекеттер жүзеге асыратын жолаушылар және жүк тасымалдары үшін неғұрлым қажет. Жолаушылар және жүк тасымалдары көлемінің өсуі мүше мемлекеттерде болып жатқан инфрақұрылымның түпкілікті әлеуметтік-экономикалық пайдамен тең орнықты дамуын көрсетеді.
4. Деректер көздері және жинау әдістері	
Деректер көздері	Дереккөз-нысандардың статистикалық деректері болып табылады: 1-көлік «Көлік жұмысы туралы есеп», 2-көлік «Қатынас түрлері бойынша көлік жұмысы туралы есеп»
Деректерді жинау әдістері	Респонденттердің алғашқы статистикалық деректері.
Өлшем бірлігі	Тасымалданған жолаушылар - мың адам Тасымалданған жүк - мың тонна
Кезеңділігі	ай сайын
5. Есептеу әдісі және басқа да әдіснамалық ойлар	
Есептеу әдісі:	Көрсеткіш статистикалық есептілік деректері бойынша тасымалданған жолаушылардың, тасымалданатын жүктердің көлік түрлері бойынша жалпы саны ретінде есептеледі.
Пікірлер мен шектеулер:	-
6. Деректердің қолжетімділігі және бөлінуі	
Деректердің қол жетімділігі және	Деректер Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы ресми сайтында

олқылықтар:	қолжетімді.
Бөлу деңгейі:	Деректер көлік түрлері бойынша дезагрегацияланған
8. Сілтемелер мен құжаттама	